

Э. Т. ТЕБЕГЕНОВА

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУШІ

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мұхтар Әуезовтің мәдениет тарихына арналған еңбектерінің басты саласы - әлемдегі жалпы-адамзаттық мәдениеттің өркендеген жетекші орындары болған елдер (Италия, Үндістан, Америка, Жапония) туралы зерттеулері: «Япония» (1918) мақаласы, «Индия очерктері» (1958), «Америка эсерлері» (1960) ғылыми-сапарнамалық очерктері.

Дүниежүзілік мәдениет дамуының тарихында ежелгі Грекия, Рим елдерінің материалдық және рухани мәдениетке байланысты жетістіктерінің адамзаттың бұл күндерге дейінгі жолындағы тарихына мәңгілік бағдар болып келе жатқаны анық. Сондықтан әлемдегі бай елдерді тарихи тұрғыдан зерттеген Мұхтар Әуезовтің ұлттық мәдениеттану тарихы үшін бағалы талай-талай тұжырымдарына кездесеміз. Зерттеуші ежелгі мәдениет ошақтарындағы діндердің өзі адамдардың романтикалық-реалистік дүниетанымының қозғаушы күші болғандығына назар аудара қарастырады: «Дін өзі тудырған, қиялдаған нанымын кейін, бергі замандардағы бар өнермен, еңбекпен тағы да қайта жаңғыра, тамашалай берген. Ұзақ замандар үзбестен зауқ еткен. Ал дәл осыған ұқсас хал Европада жоқ па? Гректің діні діндердің ішіндегі о да қиялшылы, суретшілі еді. Сол сәулет өнерінде, әсіресе мүсін өнерінде, суретте және поэзияда қаншалық мол, қандайлық ғажайып іздер қалдырды. Ғасырлардың нәсілдері айнамай, талмай талайға дейін талшық еткен жоқ па? Рим және сондай. Кей-кейде басқашалығы болса да бұ да солай беттеді. Әсіресе «үдеу дәуірі» орта ғасыр солай шықты. Ол екі ел (Греция, Рим) екі қабат, қат-қабат әсерін етіп, кейінгі бар дүниені өз сөздеріне еліктіріп ертті. Ең әуелі классика мәдениеті, кейін христиан мәдениеті боп бар Европаны, жас Европаны жабыла еліктетіп, ықпалына алды. Бергі Европада сәулет өнері, мүсін, сурет, музыка, поэзия, театр - баршасы грек мифологиясы мен эпосын, Рим сән-салтанатын - Италия «үдеу дәуірін», қысқасы христиандық саналық тақырыптарды жүз тілдерімен мадақтады. Өлденеше жүз жылдар бойларында, көп тарихтарда қайталап, қызықтап тамашалаумен құптады» [1, 440-б.].

Мұхтар Әуезов - осы Греция, Рим мәдениетінің әлемдік өнегеге айналған үлгілерін қазақ топырағына егуші. Қазақстанның фольклорына, эпосына, этнографиясына және басқа да өнері түрлеріне, оқу, ғылым, сәулет, мүсін, бейнелеу, музыка хақындағы жазғандарында да осы алуандас Грекия, Рим мәдениетіне қатысты ойларымен сабақтастырып отырады. Ал қазақтың ұлттық театрларын (драма, опера мен балет) қалыптастыруда ежелгі мәдениет ошақтарын негізге алғаны мәлім. Драматургиялық шығармалары да (драмалық, трагедиялық, комедиялық) ежелгі Грекия, Рим драматургтерінің ежелгі дәстүрлі жағдайларына үйлестіре жазылғаны анық. Мұхтар Әуезов - қазақ топырағындағы нағыз топ жарған шешен. Оның шешендік өнері қазақ тарихындағы шешендер өнегесінің жалғасы, ал әлемдік деңгеймен өлшесек, ежелгі Грекия, Рим мәдениетіндегі Цицерон, Демосфен, Цезарь және т.б. шешендер деңгейіндегі үздік өнер табиғаты танылады. Демек, Мұхтар Әуезов - адамзат мәдениетіндегі ең үздік сапаларымен суарылған ұлылық мектебінің шынайы тұлғасы. Мұхтар Әуезов Римдегі әулие Петрдің «Санжибванни», Сан Пьетро Инквинколыли (шынжырлаулы Петр) храмдарын, Ватикан музейін, Виктор Эммонуэл, Гарибальди ескерткіштерін, атақты Колизейдің, Форумның қалдықтарын көркемдік таным тұрғысынан бағалай келіп, оларға байланысты тарихи шындық пен аңыздық мәселелерге арнайы тоқталады. «Петр шынжыры» храмының ішіндегі Микельанджело жасаған Мұсаның мүсіні, XIII ғасырда IV «Крест дін жорығы» кезінде Иерусалимнен (Құддыстан) әкелінген, дарға асылған күні Ғайсаның қаны төгілген «әулие баспалдақ», «Әулие Петр» соборындағы Микельанджело жасаған Пьета (мүсіркеу) мүсіні (дардан түсірілген өлі Ғайсаны Мариям-ананың тізесіне көлденең салып құшып отырғаны) туралы жазбаларында адам қолымен жасалған өнер құдіреті туралы тебіренеді. Ал Ватикан музейіндегі «Сикстиндік капелла» бөліміндегі Микельанджелонның, Рафаэльдің, Боттичеллидің және т.б. дана суретшілердің фрескаларына ерекше мән бере толғайды. Рафаэльдің «Сикстиндік мадоннасы» әлемдегі сурет өнерінің құдайы екендігін, ондағы бейнеленген емшек баласы Ғайсаны құшағына алып адамзатқа келе жатқан Мәриям-ананы, оларды қоршаған көкшіл сәулелі ғарыштық

бұлттарды, сол бұлттар арасындағы мың сан балалы періштелерді зерттеуші үлкен толғаныспен баяндайды. Әлем мәдениетіндегі бейнелеу өнерінің ең үздігі осы суретті XIX ғасырда Германияның бір патшасының Италия королінен сатып алып «Дрездендік галереяға» қойғаны, одан екінші дүниежүзілік соғыс кезінде сол галереяны Кеңес әскері басып алып, сол «Сикстиндік мадоннаның» Мәскеудегі галереяға қойылғаны туралы қызықты дерекпен кездесеміз. Зерттеушінің Рим мәдениетінің әлемдік өркениетке жасаған ықпалын нақтылай айтуы да маңызды: «Римде не көп, мүсін (статуя) көп. Және бәрі де шеберліктің асқан төріндей. Сондықтан да көп ғасырлар бойы Рим мәдениетті Еуропаның мектебі, академиясы болған. Әсіресе, Милан, Венеция, Флоренция - бәрін қосып алғанда тұтас Италия Еуропаның анық ұстазы болып келген. Көп елдер «үдеу дәуірінен» (эпоха возрождения) қалған мұраны осы елден оқиды. Болашақта да сол тарихтың қасиеті тез жойылу оңай болмас. Музыка, сурет, мүсін, сәулет өнерлері көп өнерпаздың көзін тартпай тұра алмайды» [1, 438-б.].

Мәдениет тарихшысы Мұхтар Әуезов Еуропа мәдениеттері хақындағы ойларын «Жол сапар» очеркінде баяндай отырып, табиғат сұлулығы хақындағы суреттеулерін орынды береді. Жер бетіндегі ең сұлу табиғаты бар Аппенин аралы және Швейцарияның Альпі тауын ұшақ үстінен көріп суреттеулері - мәдениеттанушылық-эстетикалық танымы түсінігі болып сезіледі.

Швейцария тауларының сұлулығын бейнелеуде мәдениеттанушының эстетикалық таным-түйсігі суреткерлік шабыт тілімен өрнектеледі. «Тау, тоғай, теңіз мол су бір араға тоғысқанда, бұл дүниенің бар астам сұлулығы, алып сұлулықтары қатарласып, тайталасқандай болады» [1, 440-б.].

Зерттеуші Швейцариядағы Альпі тауының ең биік шыңы Монблан, Женева көлі, Швейцариядағы Стокгольм қаласы, ондағы король сарайы, корольдер Густав Ваза мен XII Карл ескерткіштері туралы қысқа да болса айтады.

Мұхтар Әуезовтің әлемдік мәдениет туралы ойлары үнемі дәстүрлі байланыстар, ұқсастықтар туралы деректерімен, мысалдарымен қосыла өріліп отырады. Тарихтағы қалыптасу, дамуы дәрежелері әрқилы елдердің мәдениет ескерткіштерін баяндауда кейде табиғаттың да сұлу көріністерін ұштастыра суреттеп кетеді. Мысалы, Швейцариядағы таулар мен теңіз тоғысқан пейзаждық көріністі Алматыдағы Алатау төңірегімен байланыстыра қиялдауы - өнертанушылық көзқарастың шындығы.

Мұхтар Әуезовтің әлем халықтарындағы мәдениеттер жалғастығы, ондағы төркіндік, тектестік, еліктеушілік, қайталаушылық хақындағы ойлары да қызық. Зерттеуші Рим ескерткіштерімен Үндістанның «көне мәдениеті нық тайталасады деуге болады» [1, 440-б.] дей келе, Үндістандағы Ұлы моғолдар мәдениетінің дәуірлеріне баға береді. Ал Моғолдар мәдениетінің Еуропада, Мысырда, Арабстанда, Иран мен Орта Азияда мол төркіні бар екенін айта келіп, бұл мәдениеттің өзіндік табиғатына берген бағалауы - зерттеушілерге ұсынылған тың бағдар: «Моғол мәдениеті бір заманда Еуропаның шегіне барып орнаған Кордово халифатының мәдениетімен анық жалғас. Содан әрі үдемей-ақ жақсы ғана еліктеу туғыза білген. Моғол шахтарының Индиядағы дәуірі, өнері - «Тәжмахалды», «Қызыл сарайды» тудырғанмен негізінде еліктеуші, қайталаушы мәдениет, өткен ізді қайта басқан сарын басым. Сол себепті «Тәжмахал» турасында Индияда нақыл бар: «Иранның жаны Индияның тәніне мекендеген» дейді [1, 440-441-б.].

Мұхтар Әуезов - Үндістан халықтары мәдениетінің зерттеушісі. Оның «Индия очерктері» (1958) атты сапарнамалық ғылыми-публицистикалық очерктерінің кейбір тараулары 1955 жылы «Московский университет» газетінің 19 наурызындағы санында («Индия университеттерін аралап» тақырыбымен), 1956 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялана бастаған. 1958 жылы «Индия очерктері» деген атпен жеке кітап болып жарыққа шыққан бұл еңбек - Мұхтар Әуезов жазған Үндістан халықтар мәдениеті туралы тұңғыш ғылыми-тарихнамалық елеулі мұра.

«Индия очерктері» - үш тараудан тұратын еңбек. Үнді-Кеңес достығы қоғамының ұйымдастырумен Үндістанның тәуелсіз мемлекетке айналғанына арналған мерекеге арнайы шақырылған делегация құрамында барған жазушының сапарнамалық ғылыми-публицистикалық, тарихнамалық бұл еңбегінің Үндістан тарихын қазақ оқырмандарына таныстырудағы маңызы үлкен болды. Еңбектің тұтас мазмұнын үлкен арналы мәселелер бойынша жүйелеуге болады. Ең бастысы - Үндістанның мемлекеттік тарихындағы билеушілер туралы мәліметтер. Еңбекте Үндістанды басқарғандар туралы мынадай тарихи деректер келтіріледі:

- Біздің жыл санауымыздан бұрынғы II ғасырда тіршілік еткен Ұлы патша Ашока.

– 1526 жылдан бастап Үндістанды Ақсақ Темірдің немересі Захирад-дин Бабыр және оның ұрпақтарының 330 жыл билеуі (Бабырдың баласы - Хумаюн, оның баласы - Акбар, оның баласы Жихангер, оның баласы Шахжихан, оның баласы - Ауранзепп. Өзінің «Бабырнама» атты кітабында Бабыр өзіне дейінгі Үндістанды билегендер туралы мынадай дерек береді: «Қасиетті пайғамбарымыздың заманынан бері Үндістан аймағына біздің жағымыздан үш патша билік жүргізіп, патшалық құрды. Оның біріншісі - Сұлтан Махмұт Ғази; оның үрім-бұтағы Үндістан тағында ұзақ жылдар отырды. Екіншісі - Сұлтан Шихаб-дин Гури; оның өзі, құлдары, сыбайластары бұл елде көп жыл билік жүргізді. Бөтен елден келген үшінші патша менмін, менің жағдайым ол патшалардан бөлек» [2,311-б.].» 1526 жылы Индияны өзіне қаратқан Бабырдан бастап, 1707 жылы өлген Ауранзеппке дейін жаңағы шынжырқатар бір топ патшалар сол «Ұлы моғолдар нәсілі» деп аталады...

Осы нәсілдің ең соңғысы ағылшындардың соттауы бойынша тәж-тағынан айырылып, Рангунге айдалған Бахадүршақ болатын. Соның орнынан қуылып, айдалған жылы 1858 жыл - «Ұлы моғолдар нәсілінің» әмірі, әкімдігі мүлде сарқылған, біткен жыл деп саналған» [1,344-б.].

Адамзат тарихының өте көне дәуірлерінен келе жатқан осы ұлы ел туралы Мұхтар Әуезовтің мол қамтып жазуға талпынғаны байқалады. Сондықтан Үндістанның Англия отарында болған ғасырларын, тәуелсіздік жолындағы күресін ұйымдастырған Махатма Ганди, Джавахарлал Неру, оның қызы Индира Ганди, президент Р. Прасад және т.б. мемлекет қайраткерлері туралы өз пікірлерін жинақтап береді. Зерттеуде Үндістандағы ең ықпалды болып келе жатқан әлеуметтік жіктерге бөліну жағдайлары да сипатталады. Талай мыңдаған жылдық тарихы бар үлкен елдің біртұтас боп өркендеп кетуіне зиянын тигізіп келе жатқан касталық жіктердің, броминдер (жрецтер), «дін басылар тобы», «әскери қауым», «сауда қауымы», «қара жұмыс халқы» түрлері және «құл-күн дәрежесіндегі аласталғандар» атты теңдігі жоқтардың бар екендігі де аталады. Осындай әлеуметтік топтық жіктелістерге байланысты үнді елінің материалдық мәдениетіне тән тұрмыстық, күн көрістік шаруашылық жағдайлары да айқындалады. Мысалы, Мадрастың жанындағы «Жалпының жоспары», «Кульппаттандалам», Делидің жанындағы «Санипатының» егіс шаруашылығы хақында мәліметтер келтіреді. Мадрас маңындағы күріш егісінің жылына екі рет, онтүстікте үш рет орылатыны туралы айтылады. Күріш, ағаш егу жоспарлары, қыстақтарда құдықтар қазылатыны, мал қоралар, тұрғын үйлер салынатыны туралы деректер беріледі. Салынып жатқан Нангол плотинасындағы Бкара каналындағы қарқынды жұмыс ырғағын суреттейді. Автор Үндістандағы үйлер салуда буржуазиялық өнерде бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған формалистік ағым конструктивизмді таниды.

«Индия очерктері» еңбегінің тұтас мазмұнын құрап тұрған негізі мәселе - зерттеушінің оқу-ағарту, тіл, театр мәселелеріне арналған пікірлері. Үндістанда барлығы 32 университеттің бар екендігі, Дели, Бенарес, Мадрас университеттерінің оқу-әдістемелік мазмұны сипатталады. Үндістан университеттеріндегі оқу жүйесінің Англия жоғары оқу орындарымен өте ұқсас екенін, бірақ ұлттық-халықтық дәстүрлерге сәйкестендіре қараудың басымдығын ерекше айтады.

Үндістанды мекендеген халықтардың дербес өзіндік мәдениеттерінің сақталуында әуелде жеке-жеке тайпалардың ізімен қалыптасқан халықтар тілдерінің сақталуындағы, қолданылуындағы тарихи табиғи жағдайларға сипаттама жасалады. Үндістандағы 60-қа жуық тілдердің ішіндегі 15 ірі тілдердің (хинди, урду, бенгали, тамил, маратхи, гаджарати, ассам, канери, малаялум, пенжап т.б.) белсенділігі туралы айтылады. Замандар бойы бүкіл Үндістан халықтарының өзара ортақ бір мемлекеттік тілді белгілей алмауының басты себебі ағылшын отаршылдығының зардабы екендігіне тарихи тұрғыда баға беріледі.

«Индия очерктері» - Үндістан халықтарының әдеби-фольклорлық мұралары мен архитектуралық (храмдар, ғимараттар), мүсін, бейнелеу өнері түрлеріне байланысты мол мағлұмат беретін еңбек. Мысалы, Агра қаласында Шахжихан ақ мрамордан салдырған «Тәжмахалды» («Сарайлар тәжі») сиқыр-сарайды, мазарды атай отырып, оның салыну тарихынан да мәліметтер береді. 18 жыл бойы (1632-1650 жылдар арасы) 20 мың жұмысшының күшімен жасалған бұл сарайдың құрылысына ақ мрамордан басқа 18 түрлі тастардың қолданылғанын, оның әлемдегі ең ғажайып ескерткіштер қатарында аталатындығын сүйсіне келтіреді: «Тәжмахал» дүниежүзіндегі адам қолымен тұрғызылған жеті ғажайып архитектура ескерткішінің біреуі саналады деседі. Бұған қосылатындар: Стамбулдағы Айя-София мешіті, екінші - Венециядағы әулие Марктің соборы, үшінші - Афиныдағы Парфенон. Төртінші - Франциядағы Реймский собор. Бесінші - Мәскеудегі Василий Блаженный

шіркеуі, алтыншы - осы «Тәжмахал», жетінші анық есімде жоқ, Ұмытпасам баяғы Кордово халифатындағы Альгамбра сарайы болса керек. «Тәжмахал» жөнінде жұрт аузында: «алып қиял ойға алғанды - анық зергер орындаған» дейтін нақыл бар» [1, 345-б.].

Мұхтар Әуезов Үндістандағы осындай әлемдік мәдениет ескерткіштерінің ғажайыптарымен деңгейлесетін «Тәжмахалдан» басқа Делидегі «Қызыл сарай», Бабырдың баласы Ғұмаюнның мазары, көне Азия мәдениетінің музейі, Удайпурдағы Кришнаға арналған мінажат үйі-храмы, Читоргардағы бекініс-қамал, «Даңқ мұнарасы», Жайпурдағы қолөнер шеберлерінің музейі, обсерватория, «Махабхарата» дастаны оқиғаларын бейнелейтін суреттер, Бенарестегі Буддизм, индуизм, мұсылман діндерінің храмдары, Тривандрумдағы «Подбанабапурам сарайы» (XIV ғ. салынған), Хайдарабадтағы тау қойнауларындағы жер асты храмдары (б.д.д. II ғасыр - б.д. VII ғ.) - барлығы да зерттеушінің көзімен көргендегі жай әсері емес, ғылыми тұрғыда сипатталғандары. Аджента қыстағы маңындағы тау қойнауларындағы жер асты үңгірлеріндегі храмдар туралы деректері мәдениет тарихының ежелгі бастауларынан хабар береді. Осы үңгірлердегі храмдардың Индия мәдениеті тарихының ескерткіші екені; осы қойнаудағы тауды үңгіп, жасалған 29 храм айтылады. Олардың алғашқылары біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырда салынып, ең соңғысының біздің заманның VII ғасырында жасалғаны аталады. Осы үңгір-храмдарды қазушылар діншіл, сопы-монахтар, үңгірлердегі сәулет, мүсін, сурет өнері үлгілері (декорация, портрет, фреска), олардың Будда дініне арналған мазмұны сипатталады.

Ал Эллора атты мекендегі бір уалаяттың халқы 70 жыл бойы салған храм туралы да қызықты деректердің танымдық мәні зор. Индуистар дінінің храмында Шива және т.б. құдайлардың тас мүсін суреттермен бейнеленгеніне, пілдердің, арыстандардың, аюлардың, аттардың да тіпті соғыс оқиғаларының да кескінделгеніне ғылыми түсінік жасалады: «Бұл жағынан алғанда мысалы, төрт-бес қабат үйдің биіктігіндей болған тау-храмның өне бойы өзі бір кітап оқығандай әңгімелерге қалдырады. Бейне бір бүкіл жартаст түгелімен ұзақ дастанға ғажайып түрде ауысып құйылғандай. Анығында Эллорадағы «Шиваның жұмағы» аталатын осы храмның көп оқиғалары Индияның әрі дін кітабы, әрі ғажайып дастаны «Махабхаратаның» әңгімелерін баян етеді.... Бұнда скульптура, барельеф, орнамент - бәрінің де өнері түгел өз өрістеріне жеткендей» [1, 409-б.].

Зерттеушінің Үндістандағы би, театр, әдебиет өнері түрлерінің дамуы, олардың ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениетпен тоғысуы, өзіндік айқындалуы хақындағы ойлары да елеулі. Бүкіл өнер түрлеріне, оның ішінде сөз өнеріне қатысты мұралардың, дәстүрлердің дені индуизм дініндегі үш алуан құдайға (Брама - жаратушы, Кришна - көгертуші, Шива - күйретуші) байланысты жасалғанын тарихи деректер мен аңыздар аясында баяндайды.

Әдебиет жанрларының ішінде поэзияның екі жолды мәснауи, бәйіт, ғазел, рубағи өлшеу ырғақтарына негізделген орындаушылық, әсіресе «мүшәйра» өнерінің белсенді қолданылу жайына тоқталады. «Мүшәйра» - жиналған халықтың алдында ақындардың өз шығармаларын әндетіп, мақамдап айтып беруі.

Зерттеуші Үндістан мәдениетіне байланысты ойларын жинақтай келе біраз қорытындылар жасайды:

-Үндістанда еуропалық, халықаралық өнерлерінің аз қабылданғаны;

-Ғылым, оқу, кино өнері еуропалық үлгіні мол сіңіргені;

-театр, музыка, би, бейнелеу, әдебиет бәрінің де ежелгі дәстүрлі мазмұнын толық сақтағаны, ұзақ мерзімдік ағылшын отаршылдығының ықпалына түспегені. Зерттеушінің үндінің поэзиясы, музыкасы, театры, сурет өнері, архитектурасы (сәулет өнері) туралы ғылыми тұжырымы айқын қорытынды пікірлерінің әлемдік мәдениет тарихы үшін маңызды екендігі айқын: «Жаңағы аталған өнердің бәрі Индияда біздің түсінігімізден басқаша саналық, тарихтық, эстетикалық өзгеше жайда. Және сол өнердің бәрі де өздерінің терең тамырларын аса ескі, терең, арғы ғасырлардан алады. Сонда бұл елдің дінінде поэзия көп, ал поэзиясында дін көп. Дінінде би көп, биінде дін көп. Осылайша сурет өнерінің де діні көп, діні суретке көп түскен. Дәл сол тәрізді пәлен мың жыл, пәлендей жүз жылдар бұрын салынған храмдарда, сарайларда, қысқасы сәулет өнерінде тағы да дін көп, дінінде сәулет өнері көп. Осылайша бар өнерлері діндік бай аңыз, әңгімелері қарға тамырлы боп, айқұш-ұйқыш ұйыса байланысып жатады. Және сол қалыптағы дін мен өнер, өнерге бөленген дін браминдер, жрецтер, діндерлер ортасының ғана мүлкі, мұрасы емес. Қалың жұрт халықтық мұрасы боп кеткен» [1, 389-б.].

Зерттеуші үнді халқының мәдениеті мазмұнындағы табиғи өзгешеліктерді ғылыми тұрғыда сипаттайды. Үнді мәдениетіндегі поэзия, би, сурет, сәулет, әуез өнері үлгілерінің барлығы да діни наным-сенімдермен өріле өрнектелетініне ерекше назар аударған. Еуропалық көркемөнер үлгілерін (кино, ғылым, техника) де қабылдай отырып, бірақ өзіндік ежелгілік негіздерін берік сақтағандығын атап көрсетеді: «... анық көркемөнерге келгенде, кино болмаса, театр, музыка би тәрізді жайлардың бәрі де бөлек, өзінше ескілігін нық сақтаған. Біздің көзіміз үйренген XX ғасыр өнерінен әлдеқайда жырақ жатыр.

Өздерін билеген еуропалық халық ақылшылардың ол жөніндегі үлгілерін әдейі егескендей, алмай қойған, қабылдамаған тәрізді» [1,390-б.]. Бұл отаршылдыққа бағытталған қарсы күрестің рухани мәдениет арқылы жасалған күшті үлгісі. Зерттеуші адамзаттың жан дүниесін жаулаудың мүмкін еместігін осы пікірлері арқылы дәлелдейді.

«Индия очерктері» - зерттеушінің әлемдік мәдениет тарихының да оқымыстысы екендігін дәлелдейтін маңызды еңбек. Еңбектің композициялық құрылысындағы әрі тарихнамалық, әрі көркем шығармашылық мазмұн тұтастығы - қаламгерлік мәдениеттің де шынайы үлгісін танытатын ерекшелік.

Мұхтар Әуезовтің жалпыадамзаттық мәдениеттану әлеміне қосылар тағы бір еңбегі - «Америка эсерлері» (1960) атты ғылыми очеркі. Жазылу мақсатында АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон, Бостон қалаларын, Калифорния, Лос-Анжелос, Аризона штаттарында көрген жайларды жазуды мұрат еткен. Бірақ 1960 жылы Қырғызстандағы Шолпанатада демалып жатқанда бұл еңбектің бірінші бөлімін ғана жазып, қалған бөлімдерін науқастануына байланысты үлгере алмаған. Сонымен алғаш рет «Қазақ әдебиеті» газетінің 1964 жылғы 3, 10, 17, 24 шілде күндеріндегі сандарында жарияланған бұл еңбек «Вашингтон», «Нью-Йорк» бөлімдерінен ғана құралады. Очеркте зерттеуші «көргеннен, естігеннен туған, төтелей туған ойларды жай жанды, жұпыны ғана әңгіме» етуді кейінгі ұрпақтың қажеті үшін жасағанын айтады.

Аяқталмай қалған очерктен жазушының Американың рухани мәдениетіне қатысты мәселелерді ғана кең қамтығанын байқаймыз. Вашингтондағы Конгресс кітапханасы туралы деректі қызықты әңгімелейді. Он бір миллиондық кітап қоры, 21 оқу залы бар Конгресс кітапханасына әлемнің барлық елдерінен кітап алдырылады екен. Ал Шекспир еңбектері мен кітаптарына арналған әлемдегі ең бай кітапхана туралы да нақты сипатталады. Вашингтондағы бейнелеу, кескіндеме өнерінің сан алуан тақырыптарды қамтыған Ұлттық галереясындағы қылқалам өнер шеберлерінің таңдаулы туындылары туралы түсініктер беріледі.

Очерктің «Нью-Йорк» бөлімінде көркемөнер, ғылым, тәрбие орындары, жазушылар ортасы, журналистер топтары туралы жүйелі баяндайды. Көркемсуреттің, кескіндеме туындылары жинақталған Метрополитен мұражайындағы туындыларды зерттеуші бірнеше мектептік, ағымдық бағыттар тұрғысында танып бағалайды. Мысалы, XX ғасырдағы Американың реалистік мектебі бағытының өкілдері Реджинальд, Гирш, Марш, Ричард Липпольд, Джим Эрнест, Иван Лелорен, Олбрайт, Ван-гог, Моне, Гоген атты суретшілердің сан алуан тақырыптарға байланысты конструкционизм, сюрреализм бағыттарын атайды, қорытынды пікірін түйіндейді: «Жалпы алғанда Метрополитен музейіндегі жаңа суреттердің көпшілігін көргенде түсінейін десең - дауласасың, сүйсінейін десең - әсірелеген жасандылығын ойлап ызаланасың» [1,292-б.].

Нью-Йорктегі театрлар санының отызға жететіні, драма театрларындағы спектакльдердің қойылуы, олардың тақырыптық-идеялық мазмұны туралы зерттеушілік ой-толғамдары тұжырымдалады. Кино мен теледидар экрандарындағы шығармалардың да тақырыптық-идеялық, көркемдік мәселелері талданады. Нью-Йорктің ғылым-тәрбие орындарынан Колумбия, Лос-Анжелос, Бостон (Гарвард) университеттері мен френсо колледжі туралы кеңінен тоқталады. Әсіресе Колумбия университеті туралы кеңірек мағлұматтар берілген. Университеттің 1754 жыл король Георг заманында құрылғаны, кітапханасында үш миллион кітап бар екені, ғылыми дәреже бакалавр, магистр, доктор, профессор (үш сатылы) болатыны, оқылатын филологиялық пәндер (өзбек, әзербайжан, армян, моңғол, жалпы түркология, арабистика, угро-фин тілдері) жағдайы - бәрі де зерттеуші назарынан тыс қалмаған.

АҚШ университеттеріндегі кеңес жазушыларының шығармаларын оқытуда сол кез үшін идеологиялық мәні болған, бірақ шындығы дұрыс мынадай көзқарастарды автор келтіре кетеді: «Оларға Совет жазушыларының шығармалары ұдайы біріне-бірі ұқсас және тек соғыс пен колхозды ғана айтатын сұрқай, бірыңғай іш пыстырар әдебиет деп танылатын көрінеді» [1,409-б.].

Зерттеуші осы бөлімінде өзбек пен қазақ әдебиеттерінің ауызша үлгілері, ежелгі эпостары хақында осы Колумбия университетінде екі американдық жастың диссертациял қорғағандары туралы қуана айтады.

Нью-Йорктегі мәдениеттік үлкен шаралардың бірі - жазушылармен, журналистермен пікір алысу кездесулері. Халықаралық Пенклуб одағының жұмыстары, «Сатердэй-Ивнинг» журналының редакциясындағы (редактор - Норман Казинс) сұхбаттар - бәрі тартымды әңгімеленеді. Американың сексен екіге келген қарт ақыны Карл Сэндберпен диалогқа қатысқан сәттерден Мұхтар Әуезовтің жүрек тебіренерлік сезімдік толғаныстарын бөлісеміз.

Адамзат тарихының үздік табыстарын жасап, бүкіл әлемдік дамудың бүгінгі мен болашағы үшін жетекші ел болып келе жатқан АҚШ туралы осы еңбегінде Мұхтар Әуезов дәл, шыншыл, тарихи бағалауын берген болатын: «Ең әуелі бұл - аса зор ұлы мемлекет. Оның мәдениеті кем дегенде, тек бергі американдық дәуірін санағанда екі жүз жылдан астам тарихы бар мәдениет. Ондағы тарихтық, мемлекеттік, қоғамдық аса шебер техникалық өндірісті мәдениет, ғылым, көркемөнер бәр-бәрінің ұзақ өскелең алуан-алуан ерекшеліктері, қайшылықтары, даму-өрлеу заңдары - қым-қуыт қиын дүниелер. Американың қалалары мен көп штат өлкелерінің бүгінгі құрылыс барыс-қалыптарының өзін алғанда да аз аралыған жолаушыға оңай таныла қоймайтын қат-қабаттар, қатпар-қатпар бар» [1, 275-б.]. Демек Мұхтар Әуезовтің «Америка әсерлері» очеркінен оның осы құрлық мәдениетіне арналған өзіндік ой-тұжырымдары сараланады:

- Америка құрлығын мекендейтін үндістердің ежелгі мәдениеті мен қазіргі сақталу жайы;
- АҚШ-тың қалаларындағы материалдық және рухани мәдениеттің сипаттары;
- АҚШ-тағы драма, кино театрларының репертуары, классикалық және қазіргі замандық шығармаларды игеру жайы;
- АҚШ-тағы білім беру, ғылым игеруде университеттердің, кітапханалардың, баспасөз, баспа-хана орталықтарының жағдайы;
- қоғамдық-әлеуметтік ортадағы жазушылардың, ақындардың, драматургтердің ықпалын айқындау т.б.

Әрине АҚШ-тың XX ғасырдың 50-60-жылдарындағы биігіне көтерілуіне дейінгі ежелгі тарихын автор назарынан тыс қалдырмаған. Екі жүз жылдан бұрынғы ежелгі Америка тұрғындарының мәдениетін арнайы қарастыруды ескертеді. Ал соңғы екі жүз жылдық тарихта Еуропада англо, саксон, роман, герман және т.б. елдердің ең озық мәдениеттік табыстарының Американы осындай дәрежеге жеткізгеніне әлеуметтік тұрғыда баға береді. Мұхтар Әуезов - әлемдік мәдениеттер тоғысуының қандай құбылыстары болатынын осы еңбегі арқылы да дәлелдеген зерделі зерттеуші.

Жапония мәдениеті - Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы тақырыптардың бірі. 1918 жылы «Абай» журналының №4,5 сандарында «Семей-Алаш» бүркеншік аты-жөнімен жарияланған «Япония» мақаласынан бастап, бұл тақырып қаламгердің әр жылдарындағы еңбектерінде сөз арасында болса да кездеседі. 1957 жылы Жапонияда мәдениет сапарында жүргенінде Осака қаласындағы сұхбатта бір жапон жұмысшысының М. Шолоховтың «Тынық Донның» оқу арқылы роман жанрына ықыласы оянғаны туралы айтқанын еске алады [1, 306-б.] .

«Япония» [3, 82-89-бб.] атты мақаласы - Жапонияның XVIII-XIX ғасырлар мен XX ғасыр басындағы тарихына арналған еңбек. XVIII ғасырдан бастап, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Еуропа мемлекеттерінің, Қытайдың, Американың Жапонияға экономика, сауда, кеме қатынастары жағынан ықпалы көп болған. Жас зерттеуші Мұхтар Әуезов XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Жапонияда шетелдік ықпалға қарсы бағытталған ұлтшылдық өзгерістер туралы тарихи деректер тілімен сөйлейді. Жапонияның ежелгі тарихынан бері әрбір тайпаны бөлек-бөлек билеген даимностарды (кіназдар), шогоондерді жойып, оның соңғы билеушісі Токогава Киикиді халықтың орнынан түсіргені сөз болады. Халықтың әлемдік өркениетке игеруіндегі үлкен оқиға - керітарпа жеке дара билеушіліктің тек шартты орнын ғана сақтап атқарушылық билікті Министрлер Кеңесіне беру жаңалығы сөз болады. 1889 жылы 2500 жыл бойы жеке билік құрған шогоондердің билік жүйесінің орнына келген Министрлер Кеңесі сипатындағы сайланатын үкіметтік басқарудың өркендеу басы болғаны аталады. Ал Жапония өркендеуінің тағы бір үлкен себепті оқиғасы - 1894 жылы болған Қытай-Жапон соғысы екендігі. Зерттеуші осы екі мәселені Жапонияның өркендеуіне түрткі болған жаңалықтар түрлерінде бағалайды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Жапонияның ілгерілеу көрсеткіштерін келтіреді: «1880 жылда» Японияның сауда параходы 310 еді. 1899 жылда 1221 болды. 1887 жылда Японияға кіретін һәм

одан шығатын бір пұлдың бағасы 98 миллион иен еді (иен бір сом 29 тиын). Бұл 1900 жылда жарты миллиардқа барды. Оқу жолында 1901 жылдағы есебінде Япониядағы оқуға жасы дәл келген еркек баланың шkolда жүргенінің саны 94% (жүзден 94), әйел баланың саны 81 процент болды [3, 84-б.] . Жапонияның үкіметі мен халқы тұтынған ең қуатты сенімді бағыт осы халық ағарту жолы болғанын, үкіметтің жарлығы бойынша алты жастан міндетті оқу талабы жолға қойылғаны, мектептер де, университеттер де әлемдегі ең үздік оқу орындары қатарына көтерілгендері баяндалады. 1880-1890 жылдары Жапонияда да ашылған сол Еуропадағыдай университеттерді 3126 студент бітіргені туралы дерек келтіріледі.

Жапониядағы қыздар мектептеріндегі 20-дан құралатын топтар, оларды басқаратын тәрбиеші қатындар, сол мектептерде қыздарға ғылым оқытумен бірге тамақ дайындауды, кір жууды, үй тазалауды, үй шаруасының есеп-қисабын жүргізуді үйрететіні - бәрін де Жапонияда оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының жақсылықтары екендігіне оқырман назарын аудартады.

Зерттеуші Жапониядағы ұлттық көркем әдебиеттің дамуына кесірін тигізіп отырған қытай тілі мен әдебиетінің өзара араласып кетуінен болған қиыншылықтарға тоқталады. Жапониядағы боода және конфаоцсы, христиан діндерін ұстанудың өркениеттік даму бағыттарындағы өрлеуге әсері қандай болып отырғанына да көзқарастарын білдіреді. XVIII ғасырдың басында Жапонияның ең тұңғыш газеті шыға бастағанын, 1899 жылы газет-журналдар 978 болғанын, бірақ көркем әдебиеттің әлі дамымай келе жатқанын, бірақ сейсмология ғылымы бойынша Жапония Еуропадан озық екендігін ерекше бағалайды.

Автор өркендеу, ілгерілеу жолының осылайша жалғаса дамуында сол жетілудің үздік көрсеткіштерін игерудегі ұлттық-халықтық қасиеттердің тірек болған сапалық ықпалы хақында даралап, санамалап көрсетеді. Мысалы, Еуропа ғылымының пайдалысын алып, жарамсызын қажетсінбеуі, шетелдік білімпаздарды уақытша ғана пайдаланып, кейін қайтадан ығыстырып, елдеріне қайтаруы, басшылар мен оқымыстылар арасындағы бірлік т.б. Зерттеушінің: «... осымен бұл күнде Япония тура күшею жолында ылғи іске жұмылған халық болды. Япония халқы тарамыс, жігерлі, зейінді жұрт», - [3, 85-б.] деген пікірі осыдан сексен жыл бұрын айтылса да бүгін де сол қалпында естілгендей. Себебі XX ғасырдың аяғын Жапония әлемдегі ең қуатты ел қалпымен аяқтады, жаңа ғасырдың да көшін бастаушылардың бірі болып келе жатқаны да даусыз шындық. Демек ғұлама зерттеуші Мұхтар Әуезов толғамдары - тарихтың кешегісі мен бүгінін, болашағын бағдарлай, дәл тани жазған тағылым.

Мұхтар Әуезовтің жалпыадамзаттық мәдениетті терең оймен зерделеуші екендігі оның шығармашылығының негізгі түрі – көркем прозасынан көрінеді. Көркем прозаның әдеби тек бойынша әңгіме, хикаят (повесть), роман, роман-эпопея қалыптарындағы жанрлық түрлерін көркемдік-стильдік талаптарын сол шығармаларында қолдана білді. Соның нәтижесінде XX ғасырдағы қазақ прозасы бұрынғы-соңғы адамзаттық мәдениет тарихындағы ең көркем туындылармен М. О. Әуезовтің көркем шығармалары арқылы ғана деңгейлесе алды. Демек көркем әдебиет жанрларын теориялық тұрғыда терең меңгеріп, табиғи дарын қуатымен әлемдік өркениетке лайықты нағыз толыққанды шығармалар ұсынуы - әлемдік мәдениетті ұзақ жыл оқып-үйренудің, зерттеудің қорытынды жемісі.

Мұхтар Әуезовтің жалпыадамзаттық мәдениетті зерттеушілігіндегі ең жетекші сала - оның еуропалық мәдениет жетістіктерін зерттеуі, оқып-үйренуі, оны өзінің шығармашылығына сіңіруі. Өзі игерген теориялық, тарихнамалық білімдер ықпалын өзінің негізгі шығармашылық жұмысы көркем прозасы (очерк, әңгіме, повесть, роман, драматургиялық (драма, трагедия, комедия) жанрларының тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық, стильдік-көркемдік ерекшеліктері нәтижелері арқылы таныта білді.

Сонымен қатар Мұхтар Әуезовтің әлемдік мәдениетті құрайтын еуропалық қазыналарды туған халқының дүниетаным тарихына әкелген жұмыстарының бірі - аудармашылығы. Ол ағылшынның драматургі, ақыны Уильям Шекспирдің «Отелло» трагедиясын, «Асауға тұсау» комедиясын, орыс жазушылары Н.В.Гогольдің «Ревизорын», И.А.Тургеневтің «Дворян ұясын» аударды. Көркем аударма арқылы әлемдік мәдениетті туған халқына игертуді, танытуды мұрат тұтқан Мұхтар Әуезов қандай жанрдағы шығарманы аударса да, сол өзі аударып отырған суреткердің түпнұсқадағы шеберлік деңгейін жоғалтпауды ойлады. Түпнұсқа шығармадағы сол елдің, халықтың психологиялық, философиялық дүниетанымы, тарихи кезеңдеріне сәйкес эстетикалық-этикалық жағдайларын жоғалтпай аударып, Мұхтар Әуезов әлемдік мәдениетті игерудің

аударма өнері арқылы болатын жаңа дәстүрінің негізін қалады. Әлемдік сөз өнерінің қазыналарын аударудағы оның өнегесі - мәңгілік маңызын жоймаған, болашаққа ұласып бара жатқан өміршең дәстүр.

ӘДЕБИЕТ

1. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы: Очерктер мен кино-әңгіме. – Алматы: Жазушы, 1987. – 8-т. – 456 б.
2. Бабыр Захир-ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Атабек, 1993. – 448 б.
3. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы: Мақалалар, пьесалар. – Алматы: Ғылым, 1997. – 1-т. – 472 б.